



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Ә.Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Екі томдық. Т2 – Алматы: «Сардар», 2013
3. Древнетюркский словарь. Ленинград, 1969. Издательство «наука».
4. SIR GERARD CLAUSON «An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish», OXFORD AT THE CLARENDON PRESS, 1972.
5. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т54: Батырлар жыры. – 452 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14 том/ Құраст. А.Фазылжанова, Н.О45арбаев, Қ.Ғабитханұлы және т.б – Алматы, 2013. – 800 бет.
7. Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы: «Мектеп», - 1989 – 128 б
8. Э.В.Севортян. Этимологический словарь тюркских языков. Издательство «Наука», 1980г.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3- том/ Құраст. Б.Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б – Алматы, 2011. – 744 бет.

Қысқартылып көрсетілген әдебиеттер:

1. ДТС - Древнетюркский словарь. Ленинград, 1969.
2. Е 12 (Уюк-Тарлак) – Первый памятник из долины р. Уюк, располагавшаяся в 2 км от р. Тарлак, левого притока Уюка; надпись на одной грани стелы из двух строк (85 рун).
3. МК 412 – Словарь Махмуда Кашгарского (авторское название: «Дивану луғат-ит-турк» - Собрание тюркских наречий (языков)).
4. ҚӘТС 2011а – Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3- том/ Құраст. Б.Сүйеркұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б – Алматы, 2011. – 744 бет.
5. БС 2009а - Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т54: Батырлар жыры. – 452 б.
6. Тон2 – памятник в честь Тоньюкука, с урочища Баин-Цокто в 60 км от Улан Батора. Атлас, табл. CVI – CXVI.

ӘОЖ 811.512.122:81'373.45

ЖҮСПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ-СЫН МҰРАСЫ

Балтабай Досжан Әмірұлы

baltabayev.dosjan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, «қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығының III курс студенті Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р. С. Тұрысбек

Әдебиеттану ғылымының өзекті бір салаларының бірі – әдебиеттің сыны. Әдебиеттің сыны әдебиеттің теориясын, әдебиеттің тарихы жеткен жетістіктерге сүйенеді. Қазақ әдебиетінің сыны бастау көздерін сонау көшпелі өркениет дәуірінен алады. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, ғибратқа толы нақыл сөздері, өнегеге толы шешендік мұралары, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқан мақал-мәтелдері қазақтың тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, ой-санасымен бірге жасасып, өмір сүріп келеді. Көшпелі тұрмыспен қалыптасып келе жатқан халықтық эстетиканың айқын көрінісі – ауыз әдебиетіміздегі рухани мұралар. Халықтың елегінен екшеленіп, сүзгісінен өткен әдеби жәдігерлеріміз сын тарихының ертеден бастау алатындығын көрсетеді.

Сынның жазба әдебиетке тән жанр екені, онымен үзеңгі қағыса тарихи-эстетикалық сахнаға шығатыны, көркем әдебиеттің бүгінгісіне назар аударып, келешегіне барлау жасайтыны, алынбаған шеберлік хабарларын нұсқайтыны, жаңалықтың жаршысы болып, қалың жұртшылыққа әдебиеттің әлеуметтік мәнін түсіндіретіндігі, насихаттайтыны теориялық тұрғыдан анық тұжырымдалған шындықтар. Алайда әсемдікті танып-білу, оны

ардақтау, сұлулықтың сырын ашып, ажарсыздық пен келіссіздікті мінеу сияқты эстетикалық түсініктер халық творчествасына, оның ауыз әдебиетіне жат па? Әрине, жоқ. Жазба әдебиетке дейінгі немесе жазба әдебиетпен қатар дамыған, күні бүгінге дейін өркендеп келе жатқан ауыз әдебиетінде, оның озық үлгі-өрнектерінде эстетикалық талап-талғамның элементтері молынан кездеседі. Мұның бәрі де оқушы мен тыңдаушыны ажарлықты ардақтауға, көркемдікті танып-білуге, ләззат алуға, сұлулықты қастерлеуге үйретеді де, халықтық эстетиканың негізін қалыптастырады[2,6].

Академик С. Қирабаев «Сынның әдебиет жанрларының бірі екендігі, ал сыншының да жазушы екендігі еш дау тудырмайды», - деп үзілді-кесілді ой түйеді. Академик М.Қаратаев «әдебиет құрылыстарын зерттейтін жанр – сын» деп жазады. Сын туралы мақалаларда «сын жанры», «сын-жауынгер жанр» деген сияқты тіркестер көп кездеседі. Осыдан-ақ, сын жанрының әдеби процесте маңызды орын алатындығын көреміз [6,8].

XX ғасырдың бас кезінде баспасөз беттерінде көптеген сыни мақалалар жарық көре бастады. Олар сол тұстағы қазақ оқығандарының көкейкесті ойлары, сыни көзқарастарына негізделген мақалалары. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ баспасөздерінде, әсіресе, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде сыншылық ой-пікірлер шағын формада ғана көрінбей, көлемді еңбектерге, мәнді шолу (обзор) мақалаларына ұласты, сөйтіп эстетикалық қауқары қомақталып келе жатқан әдеби сынның туу процесі жүйелі арна таба бастады[2,91].

XX ғасыр басында баспасөз беттерінде көлемді, әрі маңызды сыни мақалаларға жазған қазақ зиялыларының бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы еді. Жүсіпбек – өз заманының белгілі сыншысы болған, әдебиет мәселелеріне қатысты көптеген ой-пікірлер қалдырған жазушы. Оның мақалаларынан, хаттарынан, тіпті көркем шығармаларының ішінен де автордың жазу өнері жайлы, оның ерекшеліктері туралы, суреткердің психологиялық, сыпатын түсінудің принциптері жайлы қызықты ойлары кездеседі. Әдебиеттің жаңа дәуірдегі міндеттерін түсіне білген жаңа көзқарасты қаламгер ретінде ол сөз өнеріне, оның өкілдеріне тың міндеттер артты. Олардың ішінде белгілі бір дәуір әдебиеті дамуына арналған шолу да, жеке ақынның шығармашылық бетін анықтауға құрылған портрет те, рецензиялар да кездеседі[1,391].

Жүсіпбектің алғашқы сын еңбектерінің бірі – оның М.Әуезовпен бірігіп жазған («Екеу» деп қол қойған) «Абайдан соңғы ақындар» мақаласы. Ол «Абай» журналының бірінші санында (1918) басылған. Мұнда қазақтың болашақ екі үлкен жазушысы өздері сусындаған, ұлттық әдебиеттің бүгінгі күйі мен болашағы жөнінде сыр бөліседі. Онда ұлттық сана - сезімнің оянуы, оның әдебиетке әсері, қазіргі ақындар шығармашылығының бет алысы сияқты маңызды мәселелер қаралады. Әдебиеттің өркендеп, ақын-жазушылардың қатары өсуін олар ұлттық оянумен байланыстырады. «Бұл оянуға бірінші – Абай, екінші – «Қазақ» газеті, үшінші – жалпы жұрттың ғылымға бет алуы себеп болды», - деп жазады олар. – Абайдың қай өлеңі болсын кейінгі буынды жетектеп, түртіп қозғайтын бір әсер берді. Кейінгілерді бұл әсер ойлантты, оятты, бұған жалғас оянған ойдың бетін түзеп жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған – «Қазақ» газеті. Бұл газет халықтың саяси көзінің ашылуына, «жұрттық» деген ойдың кіруіне қандай себеп болса, әдебиеттің гүлденіп өркендеуіне де сондай себеп болды. Егер келешекте қазақ әдебиеті буынын бекітіп, қатарға кіретін болса, «Қазақ» газетіне борышы үлкен» деп мақаласында жазады. Жүсіпбек осы «Абайдан соңғы ақындар» мақаласында Абайдың ақындығын, Абай тілінің көркемдігін, Абайдың суреткерлігін баса негізге ала отырып жазады. Автор мақаласын «Әдебиетіміздің атасы болған Абай туралы өз пікірімізді жазып едік, енді Абайдан соңғы ақындардың өнері туралы пікірімізді жазбақпыз» деп бастайды. Халықтың мінін айтса да, жақсылығын айтса да тірелетін қазығы ұлтшылдық екенін айтады. Мысалы: «Осы күнгі өлеңшілердің жалпы бетінде халықтың жалғыз ғана мінін айтып, жақсылыққа нұсқайтын, бірақ ақындықтың түгел шартын көксемейтін бірбеткейлік бар. Көбіндегі бір мінез халықтың мінін айтса да, жақсылыққа тартса да тірелетін қазығы – ұлтшылдық болып отырады. Бұл ұлтшылдық қазақ жұртының қысылып таршылықта келіп, өнер, білім жүзінде өзгеден кейін қалғандығынан» деп ойларын толықтыра түседі. Автор ақынға артылатын жауапкершіліктің маңыздылығын ескере отырып, «ақын», «өлеңші» деген ұғымдарды екі бөлек ажырата қарайды.

Ақындықтың шарттарын өлеңшіден жоғары қояды. «Біздің өлеңшіміз көп, ақынымыз аз» дейді. «Сілтеген қаламы, сермеген таяғы көлемденіп, төгіліп, түрленіп, жапырағы желкілдеп, қолмен қойғандай, мейірің қанып тойғандай болып шығатын өлеңдер бұ күнгі ақындарда аз» дей келіп, сол тұстағы ақындарға деген сыни ой-пікірін білдіреді. Сезім суретін, көңіл суретін тілмен үйлестіруде Абай суретшілдігіне жететін ақын жоқтығын айтады. Абайдың табиғат көріністерін, жыл мезгілдерін суреттеуде, аңшылық пен саятшылықты жырға қосудағы суреткерлігін жоғары бағалап, қазіргі ақындарға сыршылдық жетіспейтіндігін тілге тиек етеді. Жүсіпбек осы мақаласында Мағжанның «Боран» деген өлеңіне мынадай сыни пікір айтады: «Жолда» деген өлеңінде боранды сипаттағанда тілін жеткізе алмай «Жел...ішін тартып, оскырып» деген жерінде көңілге байланып келе жатқан суреттің түрі бұзылыңқырап кетеді. Өлеңде, әдебиетте жанды нәрсенің сипатын жансызға жамайтын жол бар, бұл бірақ ұнасымды болған жерде қосылады. Сол өлеңнің ішінде «Жел... кейде қатты ысқырып» дегені ұнап тұр; «осқырып» деген сөз желге жанаспайтын сипат». Өлеңдерінің сыртқы түрі мен қалпына қарап өлеңшілерді лирик және халықшыл(народник) ақындар деп бөледі. Лирик ақындарға Мағжанды, Міржақыпты, Сұлтанмахмұтты және Ахмет Мәметовті жатқызады. Ал, халықшыл ақындарға Ахмет Байтұрсыновты, Сәбит Дөнентаевты, Шәкәрім және Бекет Өтегілеуовті жатқызады. Кенеттен киіліккен оқиғаны тез сезіп, тез сіңіріп, тез жауап қайтарғыш жүйрік қиялды Міржақып өлеңдеріне де сыни пікірін білдірген Жүсіпбек оның өлеңдерінде тілді тұтып қалып отыратын сөз буынында не артықтық, не кемдік болып отыратындығына мысал келтіреді. Мысалы, «Айырылу» деген өлеңінде:

«Жүректің қасіретін жаспен жуып,
Келемін жаным сезіп қайтып жуық.
Рахат рухына тілеп хақтан.

Қош айтып кетпес пе едім көңілім суып» - дегендегі «Рахат рухына тілеп хақтанның» бір буыны басқаларынан кем. Бұл – сөздің маңызын қуғандықтан. Осылайша өзінің сыни ойларын жалғастыра отырып, Ахметтің өлеңдерін «толғанғай ой, толқыған шердің көп ізі бар» десе, Сәбиттің өлеңдерінде «төрт тағандап түсетін нығыздық бар» деп аса шеберлікпен сынайды. Ақындардың ішінде Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да, ішкі мағынасымен еліктеген кісі Шәкәрім екендігін айтады. Сонымен бірге, Шәкәрімнің өлеңдерінде шанышпа, ащылық бар дейді. Автор Ғұмар Қараштың өлеңдерінен Марабай ақынның, Бұқар жыраудың қалпымен кеткен ескінің сарқынын көреді. Мақаланың соңында мынадай түйіндеулер келтіреді: « Осы күнгі өлеңшілер туралы қысқаша пікіріміз осы. Бұл ақындардың өнері туралы бар болған сыны бұл емес. Нығыздық сынауға бас-басына арналып бір мақала жазылып, өлеңдері әбден сай , баспа қылыну керек. Бұл жазғанымыз бірсыдырғы жалпы қарап өткендік».

Жүсіпбектің сын еңбектерінің ішінде оның «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласы («Лениншіл жас» журналы, 1923, №5) айрықша орын алады. Бұл – кеңес әдебиеті сынының қалыптасып, кәсіптік мамандығын жетілдіре түскен тұсында жаңа сын үлгісіне бағыт, бағдар берген мақала. Онда Жүсіпбек Мағжан ақындығы жайлы ойларын оның шығармаларын талдау арқылы дәлелдей отырып, әдеби шығарма талдаудағы сынның негізгі міндеттеріне, әдебиеттанудың келелі мәселелеріне назар аударады. Әсіресе, жазушының көркем туындыны бағалаудың өлшемі, принципі туралы ойлары маңызды. Ол «ақынның ақындығын үстінен қарап топшыламай, ішіне кіре зерттеу» міндетін қояды. «Қандай өнерпазды, ақынды, данышпанды болсын, өз заманының сыншылары әділ көзбен қарап, баға беру – шетін нәрсе, – дейді Жүсіпбек. – Заман сыншыларының бүйрегі не олай, не бұлай бұрып кеіпей тұрмайды. Талай таланттардың, талай жақсылардың қадірін жұрт өлген соң біледі. «Алтынның қолда барда қадыры жоқ» дегендей. Замандастар, тұтастар әділ болу қиын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішімен өлшейді. Сыншылардың көбі не ақынды жақтаушылар, не жамандаушылар, не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып, мініп алып, әбүйір-атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуы мүмкін[1,393].

«Мағжанның ақындығы туралы» мақаласында Жүсіпбек Мағжан шығармашылығын мақтау үшін немесе жамандау үшін емес, ғылымның жолын тұтыну арқылы қарауымыз

керек дейді. Мәселен: « Мағжанның өлеңдерін аса құнттап, бұлдап жарыққа шығаратын Мағжаншылдар да бар; іске алғысыз қылып, өртеп жіберу керек дейтіндер де бар; қысқасы, Мағжанның қасы да, досы да бар, мақтаушылар нені біліп мақтап жүр, жамандаушылар не үшін жамандап жүр? Оны тексеру біздің мақсатымызда жоқ. Біз шамамыз келгенше Мағжанға сын көзімізбен қарағымыз келеді. Сын көзі дегенде, ғылымның жолын тұтынуымыз керек» дейді. Мағжанның өскен, шығармашылығына әсер ортасына байланысты сын мақаласында былайша жазады: «Бір жағынан үй-іші – әкеге, әлеумет – ру басыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген, қазақ ішінде туып-өскен болса, екінші – татар медресесінде оқып, түрікшілік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші – орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесінші – батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық(идеализм), дарашылдық школынан сабақ алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығу керек? Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығу керек? Олай болып шықпау мүмкін емес. Әлеумет ортасының, заманының жағдайы солай.

Сол күнде-ақ «Туған жерім – Сасықкөл» деген өлеңінде, патшаның отаршылдық саясатына қарсы жаза бастайды.

Айдын көл ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп, сұрағанға от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымақ түгел шақта,
Бейне бір сенің басың сүт болған көл.
Білмеймін не боларын қайран көлім!
Жарайды тең болмаса күн менен түнін,
Итиіп қарашекпен келіп қонса,

Басыңнан құсың ұшып кетер сенің, – деп туған жерінің зарын зарлайды[4,167].

Жүсіпбектің Мағжан ақынға жазған сын мақаласында ақынның өлеңдерінде кездесетін өршілдік, ерлік, ер азаматтың атқарар міндеттері жайлы да өзінің өрелі ойларын жазады. «Азамат болсаң қазағыңа пайда тигіз, өйтпесең «ібіліссің» деп, ауыр міндет артады. Азаматқа сын тағады. Қазақ азаматы саясат жүзінде пікірі шынықпаған бала екенін көреді, белгілі пікір, жол тұтына алмай, бас қамын ойлап, боялып жүрген кейбір азаматтарды сөгеді.

«Біреуіне» сен тәңірім деп табынад,
«Біреуіне» мен құлың деп бағынад,
«Біреуіне» садақа бер деп жалынад,
«Біреуіне» құйрық болып тағылад,
Ылғи сорлы сағым қуып сабылад,
Ылғи түссіз бір сұр нәрсе жамылад.
Азаматқа қонақтық қой табылад.

Қазақ қой сықылды, кім бастаса, соған ере береді, қазақта білім, сана, әлеуметшілік, жұртшылық сезім жоқ. Сол қазаққа «ұлық» болғанына мастанбай, шын жүрегіңмен тура баста, адал қызмет ет дегені». Автор Мағжанның өлеңдерінен сары уайымға салынғандық, үмітсіздік, қайғының, зардың іздерін байқайды. Мағжанның «Жазғы жол» деген өлеңін былайша талдайды:

Төрт жағы да дала, жер де көк,
Дала өлік, жоқ бір от...
Жер де жатыр тұншығып... –
деп көзіне жас келеді.
«Жарына бал береді,
Береді де өледі,
Өледі толқын, тынады...»
«Көк бір дария қара көк ,
Жұлдыздан әлі хабар жоқ,
Іште – жалын, жүрек – шоқ,

Дариға жаным өледі...

Қалың қара тұман басынан айықпайды, қараңғылық қоюлана береді, пеш ішіндегі сөнген шоқты бала үреді, шоқ үстінен кішкене ұшқын ұшып сөнеді. Бала сөнген шоқты үрлесе, ақынның көзіне мөлт-мөлт жас келеді. Бұ не? Мұның бәрі өзі ме? Өзі деуге болмайды» деп өлеңнің мазмұнын сынай талдайды. Сонымен бірге, Мағжанның қазақ ақындары ішінде биік тұрған ақын екендігін айтып, мақалада ол жайында былайша жазады: «Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ. Өлеңнің сыртқы сұлулығына, дыбысына әуестеніп кеткендіктен кейде Мағжан өлеңдерінің ішкі маңызы кем болып шығады. Шу дегенде ермек үшін қатарлап жиып қойған баланың қуыршағы тәрізді көрінеді Бірақ жұмбақ та болса, тіпті мағына шықпайтын өлең жоқ. Бәрінде де мағына бар» . Міне осылайша Мағжанның бір өлеңін талдайды:

«Сап-сары бел, еседі жел, еседі,
Еседі жел, көшеді жел, көшеді.
Дала тұйық, бала тұйық, екі үнсіз,
Дала жұмбақ, бала жұмбақ шешусіз.
Сап-сары бел еседі жел, жел есед,
Дала жұмбақ, бала жұмбақ кім шешед?

Қарапайым қазақ осы өлеңнен не ұғар еді? Түк ұғуға болмайды. Қарапайым адам түгіл, осы өлеңді өзіміз қалай ұғамыз? Бәріміз бірдей осы жұмбақты шеше алар ма екеміз?».

Мағжан, сөз жоқ, ұлы ақын, XX ғасырдағы қазақ поэзиясының классигі. Осыны ел-жұрт білді, таныды, бірақ тапшылдық көзқарасқа әбден бой алдырғандар, әсіресе, партия-кеңес жұртшылығы әр сөзден саяси астар іздеумен әуре болады да, төңіректі тұмандатып жібереді. Міне, осындай әлеуметтік- эстетикалық атмосфераны жарып шыққан, шұғыласын айналасына нәр қылып шашқан Ж.Аймауытовтың мақаласы көп шындықтың бетін ашты, көркемдік түсініктің ауылы қай жақта болатындығын, оны қалың көпшілікке қалай түсіндіріп берудің жолын көрсетті[3,200].

1922 жылы «Қазақ тілі» газетінің 20 санында «Ж» деген бүркеншік атпен Жүсіпбек Аймауытов М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіне сын жазды. Ж.Аймауытов мақаласының кіріспесінде «сұлу сөзбен қызыл тілге сүйеніп» біраз азаматтарды, газет-журналдарды қағытып кекеткені болмаса, негізінен «Қорғансыздың күнін» эстетикалық тұрғыда едәуір талдап, жазушы Әуезовке үлкен үміт артуға болатындығын, қазақ прозасын өркендетуге үлес қоса алатындығын көсіле айтады да, соны шығармаға көркемдік талаптар қояды.

Қорыта келе, Жүсіпбек Аймауытов осыншама мәнді сауалдарды талқыға салу арқылы сыншылық ойға өнікті арна тауып берді де, өзінің негізгі ойын былай тұжырымдайды: «Әдебиет – өнер. Азды-көпті еркіндік тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап, сыңаржақ кетпей, Маркс көзімен(диалектика әдісімен) сынау керек. Маркс көзі тар емес, кең» деп алады да, «қазақ әдебиеті қазір күйректік (синтеманализм), сарындамалық (романтизм) дәуірінде болуға тиіс. Ендеше санашылдықтан да (идеализм) құтыла алмайды. Нағыздық (реализм) дәуір қазірге аналардай қабыса қоймас» деген ой айтып, эстетикалық таным-білікке от тастады. Қанша дүдәмал еткенмен романтизмге іш тартып, «Мағжанның ақындығы» деп аталатын классикалық еңбегімен дәлелдеп шықты. Басқалардың ой-өрісіне биік өре жасады. Жүсіпбек Аймауытовтың жеке тұлғалардың шығармашылығына жазған сын мақалаларынан басқа әдебиет, тілге қатысты көлемді сын мақалалары көп-ақ. Қазақ әдебиетінің құнарлылығын және қазақ тілінің тазалығын сақтауға байланысты жазылған мақалалары қазақ әдебиет сынының көш басында тұрғандығы баршамызға мәлім.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қирабаев С. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, - 2007. Т4. – 424 бет.
2. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы(Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1994. –

448 бет.

3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы: Оқулық. 3-басылым толықт. – Астана: Фолиант, 2013. – 400 бет.
4. Аймауытов Ж. Қартқожа: роман; Мағжанның ақындығы: әңгіме/Жүсіпбек Аймауытов. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 198 б.
5. Тұрысбек Р. Жазушы еңбегі және шығармашылық: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 228 бет.
6. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары (Оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1999. – 321бет.
7. Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы: «Өнер», 2011. 8-кітап: Абай. – 384 бет.

ӨОЖ 81-26

ИНТЕРНЕТ – ЖАҢА ТЕРМИНДЕР ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ (отандық және шетелдік тәжірибеден)

Исламова Зухра Алишерқызы

r-arna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Қазақ тілі және әдебиеті» бөлімі 2 курс магистранты (МҚТӘ-21)
Ғылыми жетекшісі: Сәрсекке Г.Ә.

Заман көші ілгерілеп, бүгін хат-хабар алмасу, танысу, әңгіме-дүкен құру, ақпарат жеткізу, пікір білдіріп, оны ортаға талқыға салу сынды қарым-қатынастың сан алуан түрі интернет ортасында қарқынды дамып келеді. Интернет пайдаланудың уақыт жиелігі артқан сайын оның қатарына қосылушылар саны да сағат сайын артып отыр. Бұл орта миллиондаған адамдарды тоғыстырса да, мұндағы виртуалды сұхбат шынайы өмірдегі жүзбе-жүз сұхбаттан біраз бөлек және өзіндік ерекшеліктерге ие.

Кей интернет пайдаланушылары желіні электронды пошта үшін, енді біреулер бейнелі-чатта сұхбат құру мақсатында, тағы біреулер пікірталастар мен ой бөлісу, ой алмасу немесе форумдардан кеңес алу үшін өз ісіне жаратып жатады. Осындай мақсатта қолданылатын интернеттің басты байланыс құралы ол, әрине, тіл. Бүгінде тілдің түрлі гаджеттік құрылғылар арқылы [ақпарат](#) таратып, оны қабылдап, екі тұлға арасында виртуалды байланыс орнатуда маңызы зор. Тұрмыс тілінен өзінше ерекшеленетін интернеттегі жазба тіл сұхбат барысында мағыналық, түсіністік жағынан қиындықтар тудырмау мақсатында символдар мен таңбалардың, арнайы интернет терминдердің көмегіне жүгіне отырып, жаңа интернет тілінің пайда болуына септігін тигізді.

Қазірде интернет тілінің ұғынықты әрі жеңіл, түсінуге оңай жеткізілуі үшін желідегі екі сұхбаттасушы қажет санайтын мүмкіндіктердің маңыздылары компьютер мамандары тарапынан жаратылып келеді. Күлегеш символдар мен таңбалы бейнелерге, интернет терминдеріне желі аудиториясы да бірте-бірте бейімделіп, бүгінде интернет жазбасы онсыз өмір сүрмейтін дәрежеге жетті. Десек те интернет тілінің ауқымы кең екені белгілі, сондықтан да интернетте қалыптасқан жаңа терминдер мен арнайы интернет сөздер тізімі қолданушылар тарапынан әлі де толығымен меңгеріле қойылған жоқ. Осы сынды символдардың, аббревиатуралардың, жаргондардың қалыптасуы, күлегеш таңбалардың желі жазба тіліне енуі тұрмыс тілінен айырмашылығы байқалмайтын жаңа интернет тілінің қалыптасуына негіз болды.

Желі жүйесіндегі қарым-қатынастың қарқынды дамуы негізінде интернет пайдаланушылары арасында хат-хабар алмасудың қиындықтарын жою мақсатында арнайы интернет жаңа сөздер тізімі күн сайын пайдаланушылар тарапынан қалыптасып келеді. Желіге тән бұл сөздер белгілі бір ұғымды меңзеп, оны жазған кезде екінші тараптағы сұхбаттасушы көп қиналмай, анықтамалық құралдарсыз лезде ұға алады. Мысалы, жер жүзі интернет жазбасы бойынша желі пайдаланушыларына ортақ «луркинг» (ағылшынша